

Қазақстан Республикасының ормандарында өрт қауіпсіздігі ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің төрағасы бекіткен 1996 жылғы 13 маусым Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 6 қыркүйекте N 197 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 268 бұйрығымен. (V043369)

Ережелер Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің орман күзету, қорғау және айрықша қорғалатын аймақтар бөлімінде жасалған.

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

АМАНБАЕВ А.К.

Ю.А.КАРПУНИН

Қазақстан Республикасының
шаруашылығы

Қазақстан Республикасының Орман
өртті қадағалау жөніндегі

комитетінің төрағасы

Бас мемлекеттік инспекторы

1996 жылғы "___" _____

1996 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының ормандарында өрт қауіпсіздігі ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ормандарында өрт қауіпсіздігі Ережелерінің орындалуы үшін мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органы және олардың жүйесіндегі ұйымдастырылған мемлекеттік орман күзеті қызметі, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оған арнайы өкілетті өзге де органдар жүзеге асырады.

Осымен бірге өрт қауіпсіздігі Ережелерінің орындалуы үшін бақылау орман қоры учаскелері шегіндегі орман телімдерін иеленушілерге, сондай-ақ кәсіпорынға және өзге де орман шаруашылығымен айналысушы шаруашылық жүргізуші субъектілерге жүктеледі.

2. Жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес өрт қауіпі маусымында азаматтардың ормандарға баруына және ормандарға көлік құралдарының барып кіруіне тыйым сала алады. Жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарына осы Ережелерде көзделмеген өртке қарсы қосымша /жергілікті жағдайға қарай/ талаптар белгілей, сондай-ақ өрт қауіпі маусымы кезінде ормандарда белгілі учаскелерде жұмысты тоқтатып қою құқығы берілген.

3. Ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар

- учаскелер мен объектілердегі жұмыстардың тікелей жетекшілері, орманда мәдени-сауықтырушылық шараларын өткізуді басқарушылар, ал сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тиісінше кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшылары жауапты болады.

4. Осы Ережелер орман қоры аумағында жұмыс жүргізетін заңды ұйымдар мен жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

II. Орман пайдаланушыларға, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға қойылатын жалпы талаптар

5. Өрт қауіпі маусымында /екпелер қолтығы астындағы қар қабаты еріген кезеңнен бастап немесе күзгі ауа райында тұрақты жаңбыр басталғанға дейін/ м ы н а л а р ғ а :

а/ қылқан жапырақты жас шыбықтар ауқымында, ескі өртең жерлерде, зақымданған орман /жел сұлатқан, дауыл омырған/ учаскелерде, сүрек дайындалған және кескін қалдықтары бар кеспе ағаштарда, шөбі қурап-кепкен орындарда, сондай-ақ ағаштар түбінде от жағуға болмайды. Қалған жерлерде минералданған /топырақтың минералданған қабатына дейін тазартылған/ ені кемінде 1,5 метр дөңгелек жолақтарда ғана от жағуға болады. Қажетінше оттың орны топырақпен жабылуға немесе оған ұшқыны әбден сіңгенше су құю қажет.

Жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары қажетті жағдайда орманда белгілі бір учаскелерде немесе өрт қауіпі маусымының белгілі бір кезеңінде от жағуға т ы й ы м с а л а а л а д ы ;

б/ жанған шырпыны, темекі тұқылын және темекінің трубкадағы ыстық күлін л а қ т ы р у ғ а ;

в/ аң аулау кезінде тез оталатын немесе шоқтана жанатын материалдан тұратын о қ т ы ғ ы н ы п а й д а л а н у ғ а ;

г/ жанар-жағар май сіңген сүрту материалдарын ол үшін арнайы белгіленген орыннан б а с қ а ж е р г е қ а л д ы р у ғ а ;

д/ іштен жанатын двигатель жұмыс істеп тұрған кезде оның оттық багіне жанармай құюға, двигатель жүйесі жарамсыз машиналарды пайдалануға, сондай-ақ, жанармай құйылып жатқан машиналарға жақын тұста темекі шегуге немесе жанып тұрған отты пайдалануға тыйым салынады.

6. Орман алаңқайларында, пұшпақтарда, шабындықта және егістікте /соның ішінде ауыл шаруашылығы тұрғысындағы өртеуді жүргізуге/ аңызды, орман қоры жерлерінде және орманға сондай-ақ қорғаныштық және көгалдандыру екпе ағаштарында тікелей жанасатын учаскелерде өсіп тұрған шөпті өртеуге тыйым с а л ы н ғ а н .

7. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар:

а/ орманда жол, газ-мұнай құбырларын, электр қуатын жеткізетін, байланыс,

радио желілерін және басқа коммуникацияларды салу кезінде орман қоры учаскелерін иеленушілер белгілеген тәртіпте және мерзімде қалған сүректерді және өзге де тез от алатын материалдарды жинап алуды жүргізуге;

б/ орманда жұмыстар істеген кезде жанар-жағар май материалдарын, стандартты жабық ыдыста сақтауға, олар сақталатын орындарды өсімдік өскен, сүрек және басқа тез оталатын қоқыстардан радиусы 5 метр жерді қыршып тазартуға, ені кемінде 1,4 метр минералданған жолақпен жиектеуге;

в/ жарылғыш заттарды пайдалану кезінде жару-қопару жұмыстары жүргізілетін орын мен мерзімі жөнінде орман қоры учаскелерін иеленушілерге а л д ы н а л а х а б а р л а у ғ а ;

г/ жұмыстар орындарында, объектілер орналасқан жерлерде, мәдени-сауықтыру және басқа шаралар жүргізілетін, ұзақ мерзімді пайдалануға берілген мал отары учаскелерінде, ұсынылған нормада /1 қосымша/ өртке қарсы қолданылатын жабдықтар мен орман өрттерін сөндіру үшін қажетті құралдар болуына, аталған құралдар мен жабдықтар өрт қауіпі маусымы кезінде бірден пайдалануға т о л ы қ д а й ы н б о л у ы н а ;

Орман өрттерін сөндіру үшін өртке қарсы қолданылатын жабдықтар мен құралдармен қамтамасыз ету нормасы бекітілмеген кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жұмыстар мен объектілер орналасқан жерлерде өрт сөндірудің бірінші кезекті құралдарын алуға міндетті, олар:

Су құйылған кеспек, құм салынған жәшік, өрт сөндіргіш, балталар, күректер, с ы п ы р ғ ы ш т а р ж әне т а ғ ы б а с қ а .

д/ өрт қауіпі маусымына арнап орманда жұмыс жүргізетін құрамда немесе жекеленген бөлімшелерде, сондай-ақ ормандағы поселкелерде жұмысшылар мен қызметшілер қатарынан өрт шыққан жағдайда әрекет ету үшін әзірленген ерікті д р у ж и н а қ ұ р у ғ а м і н д е т т і .

8. Орманды тұрмыстық қалдықтармен және тастандылармен ластауға, қоқыстарды және құрылыстық қалдықтарды орман ішінде үюге тыйым салынады .

Қоқыстарды жағу орманға таяу жерде тек қана белгілі тәртіпте арнайы бөлінген учаскелерде мынадай жағдайды берік сақтай отырып жүргізілуі мүмкін:

а/ қоқыс өртейтін орындар үшін /котлаван мен алаңдар/ қылқан жапырақты орман қабырғаларынан немесе жеке өсіп тұрған қылқан жапырақты ағаштар мен жас шыбындықтардан кемінде 50 метр және жалпақ жапырақты орман қабырғасынан және жеке өсіп тұрған жалпақ жапырақты ағаштардан кемінде 25 метр қ а ш ы қ т ы қ т а б о л у ғ а т и і с ;

б/ қоқысты жағуға арналған жерлер аумағының айналасы қураған ағаштардан , шырпылардан, кесінді қалдықтарынан, басқа да тез от алатын материалдардан

радиусы 15-20 метр етіліп тазартылуға және ені кемінде 1,4 метр, ал құрғақ топырақты қылқан жапырақты орманға жақын учаскелерде ені кемінде 2,5 метр минералдандырылған жолақпен жиектелуге;

в/ өрт қауіпі маусымында қоқысты жағу тек желсіз уақытта немесе ауа райы жаңбырлы шақта арнайы бөлінген адамдардың қадағалауымен жүргізілуге тиіс.

9. Орман қоры аумағында жұмыс тындыратын немесе объектілері бар кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшылары өрт қауіпі маусымы алдында, ал мәдени-бұқаралық және басқа шаралар жүргізуге жауапты адамдар аттанар алдында немесе орманға барар алдында жұмысшыларға, қызметшілерге немесе мәдени-бұқаралық және басқа шараларға қатысушыларға ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін берік сақтау және орман өртінің шығуын ескерту туралы ал сондай-ақ өртті сөндіру тәсілі туралы түсінік нұсқау беруге міндетті.

III. Сүрек дайындауды жүргізуші заңды ұйымдар және жеке тұлғаларға қойылатын талаптар

10. Ағаш кесуді жүргізуші /ағаш дайындаушылар/ заңды және жеке тұлғалар кесудің тәсілі мен уақытына қарамастан бұл жұмыс жүргізілетін орындарды бір мезгілде тазартуға міндетті.

Тазартудың тәсілдері ағаш кесу билетінде көрсетіледі.

Ағашы кесілетін орындарды тазартуды жүргізу кезінде ағаш дайындаушылар м ы н а д а й т а л а п т а р д ы :

а/ сүрек дайындау мен кеспеағаштарды тазарту қысқы уақытта жүргізілген жағдайда кеспеағашта көктемде толық тазартуды жүргізуге;

б/ кесінді қалдықтарын шіріту немесе жағу үшін шоқ-шоқ етіп немесе үйме етіп жинау керек немесе орман қабырғасынан кемінде 10 метр қашықтықта оларды ұсақтап кеспеағаш алаңында шашып тастау керек;

в/ кесінді қалдықтарын жағуды тек өрт қауіпі маусымы емес кезде жүргізу қ а ж е т .

Кесінді қалдықтарды жағу кезінде кеспеағаш алаңындағы өскіндердің, тұқымдықтардың және басқа кесілмеген ағаштардың сақталуын, сондай-ақ кесінді қалдықтардың толық жинауын қамтамасыз ету қажет.

Кеспеағаш алаңында кесінді қалдықтарын жаппай жаймалай жағуға б о л м а й д ы .

Ағаштарды желегімен сүйреп шығару кезінде жоғарғы қоймаларда /ағаш тиеу пункттерінде/ кесінді қалдықтарын жағу осы Ережелердің 7-тармағында көзделген тәртіпте ағаш дайындау, сүйреп шығару және орманнан тасып шығару ісінің бүкіл кезеңі бойы жүргізілуі мүмкін.

11. Өрт қауіпі маусымында кеспеағаштар алаңдарында кесілген ағаштарды қалдыру жағдайында олар бұтақтарынан тазартылуға және жер үстіне

тығыздалып үйілуге тиіс.

Өрт қауіпі маусымында кеспеағаш алаңында қалдырылған дайындалған сүрек қатарлана немесе текшелене жиналуға тиіс.

12. Өрт қауіпі маусымында дайындалған сүректерімен қалдырылған құрғақ жерлердегі қылқан жапырақты ормандардағы, сондай-ақ шіріту үшін қалдырылған кесінді қалдықтары бар кеспеағаш алаңы ені кемінде 1,4 метр минералдандырылған жолақпен жиектеледі. Көлемі 25 гектардан астам осындай кеспеағаштар, одан басқа, 25 гектардан аспайтын кеспеағаштар алаңдары аталған ендік бойынша минералдандырылған жолақтарға бөлінеді.

13. Дайындалған сүректерді қатарлап жинау "Ағаш материалдарының қоймалары. Жобалаудың өртке қарсы нормалары" СНиП 2.11.06-91 талаптарына сәйкес жүргізуге тиіс.

Ағаш қатарлап жиналатын орындар төңірегі мен аталған өртке қарсы оқшаулаудың төңірегі тез от алатын материалдардан тазартылады және ені кемінде 1,4 метр минералдандырылған жолақпен, ал құрғақ топырақты жерлердегі қылқан жапырақты екпелер бір-бірінен 5-10 метр қашықтықта осындай қосарласқан жолақтармен жиектеледі.

14. Орман қоры учаскелері ұзақ мерзімді пайдалануға берілген ағаш дайындаушы кәсіпорын осы Ережелердің 9-12 тармақтары талаптарын орындаумен бірге, мыналарды орындауға:

а/ орман шаруашылығының облыстық мемлекеттік басқару органының келісімі бойынша өртке қарсы шаралардың жоспарларын жасауға және бекітуге, оларды жұмыстар орындарында, пайдаланылып жүрген ағаш тасу жолдары орналасқан орындарда, елді мекендерде жоспарда көрсетілген мерзімде жүргізуді қамтамасыз етуге;

б/ орман өрті шыққан жағдайда атқарушы өкімет бекіткен орман өртін сөндіру жөнінде күштер мен құрамдардың өзара әрекеті жоспарына /2 қосымша/ сәйкес өртті сөндіруді жүзеге асыруға міндетті.

IV. Қарамағында темір және автомобиль жолдары бар кәсіпорындарына және ұйымдарға қойылатын талаптар

15. Орман алқабы арқылы өтетін қарамағында пайдаланылып жүрген темір және автомобиль жолдары /оның ішінде ағаш таситын/ бар кәсіпорындар мен ұйымдар:

а/ темір және автомобиль жолдары бойындағы жолақ бөліктерді шырпы-бұтадан, тез жанатын материалдардан таза ұстауға;

Ағаш тасылатын жолдардың екі жақ қанатында ені кемінде 10 метр таза жолақ жасауға;

б/ өткен тармақта аталған жолақ бөліктердің шекаралары бойынша қылқан жапырақты екпелерде ені 1,4 метр, ал құрғақ жердегі қылқан жапырақты

екпелерде, сондай-ақ ағашы кесілген жерлерде бір-бірінен қашықтығы 5 метр осындай екі жолақ минералдандырылған жолақтар бөліктерін құруға;

в/ жолдарға жақын төңіректе орналасқан құрғақ жерлердегі қылқан жапырақты екпелерде, сондай-ақ ағаш көпірлер, станция жолдары, тұрғын үйлер мен жол жолаушылар будкалары төңірегінде текшеленген шпалдар мен қардан қорғайтын қалқандар құру және ені 1,4 метр минералдандырылған жолақты өрт қауіпі маусымы бойы таза күйде ұстауға;

г/ мүмкін болатын өртті дер кезінде айқындау және оны жою мақсатында орман алқабы арқылы өтетін темір жолда тепловоз тартатын учаскелерде өрт қауіпі маусымында шолушылық күзет ұйымдастыруға;

д/ тепловоздардың өрт қауіпі бар учаскелердегі қозғалысы кезінде двигательдердің ауыспалы жұмысының күрт күшеюіне жол бермеуге және двигательдердің бостан-бос ұзақ жұмыс істеуіне жол бермеу керек;

е/ тепловоздарды өрт қауіпі бар учаскелерде жалынды сөндіріп отыратын құралынсыз пайдалануға жол берілмеуін қадағалауға міндетті.

V. Орманды жанама мақсатта пайдалануды, шайыр, қосымша орман материалдарын дайындауды жүзеге асырушы ағаш дайындаушыларға қойылатын талаптар

16. Орманды жанама мақсатта пайдалануды, қосымша орман материалдарын дайындауды жүзеге асырушы ағаш дайындаушылар:

а/ өндірістік объектілерді орман иеленушілермен келісім бойынша жерлердегі орман қабырғасынан кемінде 50 метр қашықтықта орналастыруға;

б/ өрт қауіпі маусымында жұмыс істемейтін уақытта өндіріс объектілері шоғырландырылған жерлерде күзетті қамтамасыз етуге;

в/ өндірістік объектілерден радиусы 50 метр аумақты тез жанатын материалдардан таза ұстауға;

г/ осы аумақтардың шекаралы бойынша ені кемінде 1,4 метр минералдандырылған жолақ, ал құрғақ жерлердегі қылқан жапырақты екпелерде ені сондай бір-бірінен қашықтығы 5-10 метр екі минералдандырылған жолақ қ ұ р у ғ а м і н д е т т і .

17. Шайыр дайындаушы ағаш дайындаушылар:

а/ шайыр сақтау үшін аралық қойманы тез жанатын материалдардан тазартылған алаңдарда орналастыруға, алаңдар төңірегінде ені 1,4 метр минералдандырылған жолақ төсеуге;

б/ орман иеленушілер келісімі бойынша шайыр сақтайтын негізгі қойманы ашық, тез жанатын материалдардан тазартылған алаңқайларда орман қанатынан кемінде 50 метр қашықтықта орналастыруға;

в/ осы аймақтардың шекаралары бойынша ені кемінде 1,4 метр минералдандырылған жолақ жасап, оны өрт қауіпі маусымы бойы таза

ж а й - к ү й д е

ұ с т а у ғ а ;

г/ шайыр жинау үшін әзірленген учаскелерде темекі шегуге арналған орындар жабдықтауға міндетті.

VI. Мұнай-газ барлаушы және мұнай газ өндіруші кәсіпорындар мен ұйымдарға қойылатын талаптар

18. Мұнай-газ барлаушы және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар мен ұйымдар орман қоры аумағында жұмыс жүргізу кезінде:

а/ бұрғы скважинасы және басқа құрылысқа бөлінген аумақты өрт қауіпі маусымы бойы тез жанатын материалдардан таза ұстауға, осы аумақтар шекаралары бойынша ені кемінде 1,4 метр минералдандырылған жолақ құру және оны өрт қауіпі маусымы бойы таза жай-күйде ұстауға;

б/ бұрғыланатын және пайдаланылатын скважиналардан радиусы 50 метр алаңды /радиусы 25 метр жерде жабық жүйе бойынша мұнай және газ скважиналарын пайдалану кезінде/ толық тазартуға;

в/ мұнайды ашық ыдыста және котлаванда сақтауға, сондай-ақ аумақты жанатын заттармен /мұнай, мазут және т. б./ жастауға жол бермеуге;

г/ мұнай қалдықтарын жағып жіберудің, егер оларды осындай жолмен жою өндірістік технологияда көзделсе, тәртібі мен уақытын орман қоры учаскелерін иеленішулермен келісуге міндетті.

VII. Өз қарамағында электр қуатын беретін, байланыс радиоландыру және тұрба құбыры желілері бар кәсіпорындар мен ұйымдарға қойылатын талаптар

19. Өз қарамағында электр қуатын беретін, байланыс және радиоландыру желілері бар кәсіпорындар мен ұйымдар өрт қауіпі маусымы бойы осы желілер өтетін алаңқайларды өрттен қауіпсіз жай-күйде ұстауға міндетті және құрғақ жерлердегі осындай желілердің ағаш діңгектері мен бағаналарын радиусы 2 -2,5 метр етіп топырақпен жабуы қажет.

Өз қарамағында тұрба құбыры бар кәсіпорындар мен ұйымдар өрт қауіпі маусымы бойы орман алқабы арқылы өтетін тұрба құбырлары бойындағы жолақ алқабы мен күзет аймағын өрттен қауіпсіз жай-күйде ұстауға және желілер бойынша айнамалар үй-жәйі, сондай-ақ тұрба құбырларындағы құдықтар төңірегінде ені 2 - 2,5 метр минералдандырылған жолақ жасауға міндеті.

VIII. Ормандарда іздестіру және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуші кәсіпорындар мен ұйымдарға қойылатын талаптар

20. Іздестіру, геодезиялық, геологиялық, орман орналастыру және басқа экспедициялар, партиялар мен отрядтар жұмыстарды бастағанға дейін жұмыс жүргізілетін, негізгі базалар орналастырылатын, ормандағы жүріс маршруттары жолы орындарын және өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі шаралар тізбесі

жөнінде орман қоры учаскелерін иеленушілермен келісуге міндетті.

21. Өрт қауіпі кезеңінде орман аймағындағы іздестіру базалары, геодезиялық, геологиялық, орман орналастыру және басқа экспедициялар, партиялар мен отрядтар орналасқан жерлердің шекаралары бойынша ені кемінде 1,5 метр минералдандырылған жолақ құруы, аумақты тұрақты түрде түрліше жанғыш қалдықтардан тазартып отыру керек.

IX. Орманды мәдени-сауықтыру мақсатында пайдалану кезінде кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге қойылатын талаптар

22. Ормандарда мәдени-сауықтыру шараларын жүргізуші ұйымдарға / туристік базаларға, сауықтыру лагерлеріне, санаторийлерге, демалыс үйлеріне және басқа/ өрт қауіпі маусымында орман учаскелерін туристік тұрақ орнату және басқа да бұқаралық шаралар өткізу үшін тұрақты демалыс орындары ретінде пайдалануға тек орман қоры учаскелерін иеленушілердің келісімі бойынша осы учаскелерді олардың нұсқауы бойынша от жағу және қоқыс жинайтын орындарды жабдықтау, сондай-ақ учаскелер төңірегінде ені кемінде 1,5 метр минералдандырылған жолақ құрып, учаскелердің қоқыстың жанбайтын жәй-күйі қалпында ұстау жағдайында ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

X. Орман қоры учаскелерін иеленушілерге қойылатын талаптар

23. Орман қоры учаскелерін иеленушілер:

а/ орманда өртке қарсы жармалар, жолдар, өртке қарсы минералдандырылған қорғаныш жолақтарын, орлар, су қоймаларын құруға, орманды тез жанатын материалдардан тазартуға және басқа ормандардың өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған орман шаруашылығы шараларын жүргізуге;

б/ халықтың, мектеп оқушыларының арасында, орманда объектілері бар немесе онда жұмыс жүргізетін кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің арасында отқа сақтықпен қарау және орман өртін сөндіру мәселелері жөнінде түсінік жұмысын жүргізуге;

в/ халық барынша жиі қатынайтын орман учаскелерінде, сондай-ақ жаппай пайдаланылатын орман жолдары бойында орманда отқа сақтықпен қарау қажеттігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық жөнінде ескертетін хабарландыру мен плакаттар қоюға;

г/ жаппай пайдаланылатын орман жолы бойында демалатын және темекі шегетін орындар жабдықтауға;

д/ орман қоры аумағында орман шыққан өрттің авиациялық және жер үстінде күзет ұйымдастыру жолымен, өрт мұнаралары арқылы байқау жолымен дер кезінде анықтап, оны жою шараларын қабылдауға;

е/ материалдық-техникалық базаны, орман өртін сөндіретін командалардың,

28. Орманды өртегені, отқа сақтықпен қарамауы салдарынан ағаштарды жойғаны немесе зақымдағаны, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны, мұның өзі орман өртінің шығуына немесе оның елеулі алаңға таралуына әкеп соқтырғаны үшін айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бас еркінен айыру, әкімшілік, материалдық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

29. Ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін айыппұл салу немесе басқа да әкімшілік тұрғыда ықпал жасау шараларын қолдану лауазымды тұлғалар мен азаматтарды орман шаруашылығын басқару органы белгілеген мерзім ішінде жіберілген тәртіп бұзушылықты жою міндетінен ажыратпайды.

30. Орман өртінің шығуына кінәлі заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіпте орман шаруашылығына келтірген зиянның орнын толтыруға міндетті.

31. Заңды және жеке тұлғалар ормандарда орман өртінің шығуына немесе таралуына сөзсіз қауіп туғызатын өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылықты жою жөніндегі ұйғарымды орындамаған жағдайда орман шаруашылығын басқару органы жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарының келісімімен бұзушылықты жойғанға дейін ормандағы учаскелер мен объектілердегі шаруашылық қызметті тоқтатып қоя алады.

Қажетті жағдайларда бұзушылық жөніндегі материалдар айыптыларды заңдарда белгіленген жауапкершілікке тарту үшін аймақтық табиғат қорғау прокуратурасына жіберіледі.

ХІІІ. Орман өртін сөндіруді ұйымдастыру

32. Орман шаруашылығы кәсіпорынның басшысы өрт туралы хабарды алған соң өрт шыққан аумақ бекітілген өрт-химиялық стансаның күшімен өртті сөндіруге дереу шара қолдануға міндетті.

33. Өрт-химия стансасына өрт туралы тікелей хабар берілген кезде, станса б а с т ы ғ ы :

а/ команданы немесе жеке бригаданы өрт сөндіруге баруына дайындық ж ө н і н д е ш а р а қ о л д а н у ғ а ;

б/ орман шаруашылығы кәсіпорны басшысынан немесе орманшыдан қажетті н ұ с қ а у л а р а л у ғ а ;

в/ кәсіпорынмен және орманшымен байланыс жоқ жағдайда команданы немесе жеке бригаданы өрт сөндіру жөніндегі шешімді дербес қабылдауға м і н д е т т і .

34. Орманшылық аумағында бір мезгілде бірнеше жерде өрт шыққан кезде

немесе өртті тез жою үшін жалғыз өрт-химия стансасының күштері жеткіліксіз болғанда орманшы бұл жөнінде II тұрпаттағы өрт-химия стансасының немесе көршілес орманшылық стансасының күш құралдарын өрт сөндіруге жіберу үшін орман шаруашылығы басшыларына хабарлайды.

35. Орман шаруашылығы кәсіпорнында жанып жатқан өртті тез басу үшін күштер мен құралдар жеткіліксіз және өрттің үлкен алқапқа таралу қауіпі айқын болған жағдайда кәсіпорын басшысы белгіленген тәртіпте өртті сөндіруге халықты, жергілікті кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің өрт техникасы мен көлік құралдарын қатыстыруға дереу шара қолдануға міндетті.

Егер өрт стихиялық апаттық ала бастаса онда орман шаруашылығының басшысы өрт сөндіруге Азаматтық қорғаныс пен әскери бөлімшелердің құрамаларын қатыстыру шарасын қолдануы керек.

36. Орман шаруашылығы кәсіпорны аумағындағы орман өртін сөндірудегі жалпы басшылық және өртті жою үшін толық және дер кезінде шаралар қолдану жауапкершілік орман шаруашылығы директорларына жүктеледі.

37. Жер үстіндегі күзет аудандарындағы әрбір орман өртін сөндіру жөніндегі жұмыстарға тікелей басшылықты өрт-химия стансасының бастығы /егер станса командасы құрамынан жалғыз ғана бригада келсе, бригадир/ жүзеге асырады.

Өрт-химия стансасының күштері келгенге дейін өрт сөндіру басшылығын орман күзетінің қызметкерлері (орманшы, орман шебері, учаскелік техник) жүзеге асырады.

38. Ормандарды авиациялық күзету аудандарында өрт сөндіру басшылығын өрт сөндіруге жүрген парашют - өрт және авиадесант топтары ішінен лауазымы жөнінен үлкені жүзеге асырады.

39. Орман өртін сөндіруді басқарушы:

а/ өртті жоюмен байланысты емес шаралардың бүкіл жұмысын тоқтатып қояды;

б/ өрт сөндіруге қатысып жүрген адамдарды мүмкін болатын электр тоғынан зақымданудан, уланудан, күюден қорғауды қамтамасыз етуге, ал қажетті болғанда дәрігерлік көмек берушілерді шақырып алуға;

в/ адамдардың өміріне қауіп туған жағдайда дереу оларды құтқаруды ұйымдастыруға, бұл үшін қолдағы барлық күш пен құралды пайдалануға;

г/ жұмыстың техникалық жағынан қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді өрт сөндіруде жұмыс істеп жүргендердің бәрінің қатаң орындауын қамтамасыз етуге;

д/ өрт сөндірілгенге дейін немесе оның жайылып өршімеуіне дейін өрт шыққан жерді тастауға және онда жұмысшыларды қалдырмауға;

е/ орман өрті шыққан жердің аумағында жұмыс орындаушы объектінің,

кәсіпорынның, ұйымның басшысын немесе басқа лауазымды тұлғаны өрт шыққан жерге шақырып алу жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Қазақстан Республикасының
ормандарында өрт қауіпсіздігі
Ережелеріне 1-қосымша

**Орман қорында жұмыс істеуші орман пайдаланушылар
мен басқа кәсіпорындардың және ұйымдардың орман өртін
сөндіру үшін өрт жабдықтарымен және құралдарымен
қамтамасыз ету нормалары**

1. Орман қорында жұмыс істеуші немесе ормандарда өзінің объектілері бар барлық орман пайдаланушылар, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін міндетті нормалар, оның ішінде:

ағаш дайындаушы кәсіпорындары /орталық кәсіпорындар - орман өнеркәсібі шаруашылықтары, орман комбинаттары және басқалар қарамағында, орман пункттерінің, кеспеағаштардың, жоғарғы қоймалардың және сүрек дайындай жүргізілген басқа орындардың орман өрті пункттері қарамағында шоғырландырылған орман өрті жабдықтары мен құралдарының пункттері/;

пайдалы қазбалар өндіруші кәсіпорындар /құм, балшық, тас және басқа/;
мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар;

орман қорында тас жолдар, мұнай-газ құбырлары, электр қуаты және байланыс желілері, сондай-ақ басқа да желілік объектілері бар кәсіпорындар;

орман қорында іздестіру және зерттеу экспедициялары, партиялар, отрядтар, шөп, дәрі-дәрмек өсімдіктерін, техникалық шикізаттар, жабайы өскен жеміс, жаңғақ, саңырауқұлақ, жидек және басқа ормандық тамақ өнімін, мал жаяумен шұғылданушы, ара өсіру мен омарта шаруасы жөніндегі бригадалар;

орман қорында жұмыс істеуші туристік базалар мен басқа ұйымдар үшін.

2. Орман өртін сөндіру үшін ағаш дайындаушы кәсіпорындарын өрт жабдықтары және құралдарымен қамтамасыз етудің нормалары:

а/ орталық кәсіпорын қарамағындағы өрт жабдықтары мен өрт сөндіру құралдарын шоғырландыру пункті;

су жинау цистерналары, оның ішінде өздері жасаған немесе көлемі 1500 метр су жинау үшін резина ыдыстар - 2 дана /қолда арнайы орман өртінің автоцистернасы болса су жинайтын цистернаның қажеті жоқ/;

аспалы шестерналы сорғыштар* - 2 комплект;

Ескерту: <*> - өрт қаупіндегі маусымда көлікте тұруы керек.
өнімділігі минутына 600-800 метрлік алып жүретін мотопомпалары - 2 дана;
500 қума метрлік өртке су шашатын арынды сорғыштар, арынды су сорғыш -

20 комплект, Д 66-77 мм /400 кума метр/, 5 комплектор арынды су сорғыш Д 51 мм / 1 0 0 к у м а м е т р / ;

орман плугі немесе басқа да трактормен топырақ өңдейтін құрал - 2 дана;

бульдозерлер - 1 дана;

тракторлар тіркемесімен /жұмысқа қажетті топырақ өңдеу құралымен/ - 2 дана ;

жол таңдамай жүретін немесе кез келген жерде жүре алатын қорапты автомашиналар /адамдар тасу үшін/ - 1 дана;

отжандырғыш аппараттар - 3 дана;

НП-1 суландырушы немесе басқа маркалы көбік шығарушы - 500 кг;

күрек - 1 0 0 дана ;

балта - 1 0 дана ;

мотыга - 2 0 дана ;

тырнауыш - 2 0 дана ;

хлопушкалар - 2 0 дана ;

бензинді ара - 2 дана ;

РЛО орман өрт сөндіргіштері - 20 дана;

алып жүретін радиостанса /қолда ұйымдастырылған радио байланысы болса/ - 3 дана ;

кезекшілікте киетін арнайы киімдер /етік, шалбар, куртка, қолғап/, өрт сөндіру командасының тұрақты мүшелерінің санына қарай - комплект;

қорғағыш көзілдіріктер - өрт сөндіру командасының тұрақты мүшелерінің с а н ы н а қ а р а й ;

сыйымдылығы 10 литрлік ауыз суға арналған бидондар немесе канистрлер - 5 д а н а ;

су үшін кружка - 10 дана, бірінші кезекті дәрілік көмекке қажетті аптечка - 2 д а н а ;

топырақ өңдейтін құралдар, бульдозерлер, тракторлар мен автомәшинелер өрт қауіпі маусымы үшін бекітіліп беріледі, қалған өрт сөндіру жабдықтары мен құралдары шоғырландыру пункттерінде тұрақты болады. Аспалы сорғыштар қондырғысы үшін автомәшинелер мен трактор тіркемелері;

б/ орман пункттері жанындағы орман өрті пункттерінде:

су жинау цистерналары, оның ішінде өздері шығарған немесе сыйымдылығы 1500 литрлік су үшін резина ыдыс - 1 дана;

аспалы цистерналы сорғыштары - 1 дана;

арынды өрт су сорғыштар - 100 кума метр: 5 комплект Д 51 мм;

алып жүретін радиостансасы /қолда ұйымдастырылған радио байланысы б о л с а / - 2 дана ;

өнімділігі минутына 600-800 литрлік алып жүретін өрт мотопомпасы - 1 дана;

от жандырғыш аппараттар - 4 дана;
суландырғыш НП-1 немесе басқа маркалы көбік шығарғыш - 500 кг;

күрек - 50 дана;

балта - 5 дана;

мотыга - 5 дана;

тырнауыш - 5 дана;

хлопушкалар - 10 дана;

бензинді ара - 1 дана;

РЛО орман өрт сөндіргіштері - 5 дана;

сыйымдылығы 10 литрлік ауыз суға арналған бидондар мен канистрлер - 2 дана;

бірінші кезектегі дәрілік көмекке қажетті аптечка - 1 дана;
кезекшілікте киетін арнайы киімдер /етік, шалбар, куртка, қолғап/ комплект өрт сөндіру командасының тұрақты мүшелерінің санына қарай.

Адамдар, жабдықтар, аспалы сорғыштар тасымалдау үшін автомәшинелер мен тракторлар өрт пункттеріне өрт қауіпі маусымына арнап бекітіліп беріледі, қалған жабдықтар мен өрт саймандары пунктте тұрақты болуға тиіс. Ағаш таситын жолдардың ұзындығы 50 километрден асатын жағдайда /ағаш тасу тармақтарын қосқанда/ су жинау цистерналарының саны 50 километр жолға бір цистерна есебінен ұлғайтылады.

в/ сүрек дайындау орындары /кеспеағаштар, жоғарғы қоймалар/ жұмыс атқарылатын әр учаске саймандарымен мынадай мөлшерде қамтамасыз етіледі:

күрек - 10 дана;

балта - 2 дана;

хлопушкалар - 10 дана;

РЛО орман өрт сөндіргіштері - 5 дана;

бензинді ара - 1 дана;

тырнауыш - 2 дана;

су үшін сыйымдылығы 12 литрлік шелек немесе резина ыдыс - 2 дана; су үшін кружка - 4 дана;

3. Тас, құм, балшық өндіру жөніндегі кеніштерде өрт жабдықтарымен, құралдарымен қамтамасыз ету нормасы:

күрек - 10 дана;

балта - 2 дана;

хлопушкалар - 10 дана;

мотыга - 2 дана;

бензинді ара - 2 дана;

РЛО орман өрт сөндіргіштері - 5 дана;

сыйымдылығы 12 литрлік шелек немесе резина ыдыс - 5 дана, су үшін қажетті

кружка - 5 дана, қолғап - 10 дана, аптечка - 1 дана.

4. Мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарды өрт жабдықтарымен және құрал-саймандармен қамтамасыз ету нормасы;

Орман қоры жерлерінде орналасқан әрбір мұнай-газ өндіретін кәсіпорында орман өртін сөндіру үшін өрт жабдықтары және құрал-сайманы шоғырландырылған пункт болуға тиіс.

Су жинау цистернасы, оның ішінде өздері шығарған, сыйымдылығы 1500 литрлік су үшін резина ыдыс - 2 дана /қолда арнайы орман өртіне арналған автоцистерна, су жинау цистерна болса, онда міндетті емес/.

аспалы шестерналы сорғыш* - 2 дана;

Ескерту: <*> - өрт қаупіндегі маусымда көлікте тұруы керек.
өнімділігі минутына 600-800 литрлік алып жүретін өрт мотопомпасы - 1 дана;

арынды өрт су сорғыш - 500 қума метр, 20 комплект, су сорғыш Д 66-77 мм / 400 қума метр/ 5 комплект су сорғыш Д 51 мм /100 қума метр/;
бульдозерлер - 1 дана /учаскеде жұмыс істейтін немесе кезекшілік атқаратын/;

жол таңдамай жүретін қорапты автомәшине немесе кез келген жерде жүре алатын мәшине - 1 дана;

орман плугі немесе басқа да топырақ өңдейтін құрал - 1 дана;
отжандырғыш аппараттар аппарат** - 5 дана, суландырғыш НП-1 немесе басқа маркалы бу шығарғыш - 500 кг;

Ескерту: <*> - от жандырғыш аппарат үстіңгі қабаттағы, және күшті немесе орташа төменгі қабаттағы орман өрттерін өшіру мақсатында қарсы өрттеу жіберу үшін пайдаланылады.

к ү р е к - 5 0 дана ;

б а л т а - 1 0 дана ;

м о т ы г а - 2 0 дана ;

т ы р н а у ы ш - 1 0 дана ;

х л о п у ш к а л а р - 2 0 дана ;

б е н з и н д і а р а - 5 дана ;

РЛО орман өрт сөндіргіштері - 10 дана;

алып жүретін радиостанса /қолда ұйымдастырылған радио байланысы болса/ - 3 дана ;

ауыз суы үшін сыйымдылығы 10 литрлік бидон немесе канистр - 3 дана; су үшін кружка - 6 дана, кезекшілікте киетін арнайы киім /етік, шалбар, куртка, қолғап/, комплект - өрт сөндіру командасының тұрақты мүшелерінің санына қарай ; аптечка - 2 дана .

30 мың гектардан астам алаң жағдайында өрт құралдарын шоғырландыру пункттерінің саны әрбір 30 мың гектарға бір пункт есебінен. Су жинау цистернасына қажетті автомәшине аспалы шестерналы сорғыш қондырғы үшін бейімделген болуға тиіс және ол өрт қауіпі маусымы барысында пункт қасында б о л у ы қ а ж е т .

5. Тас жолдары орманы алқабы арқылы өтетін ұйымдарды өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету /ормандағы өрт пункті/ нормалары:

су жинау цистерналары, оның ішінде өздері шығарған немесе сыйымдылығы 1500 литрлік су үшін резина ыдыс - 1 дана;

аспалы цистерналы сорғыштары - 1 дана;

арынды өрт сорғышы - 300 кума метр: 10 комплект су сорғыш Д 66-77 мм /200 кума метр/ 5 комплект су сорғыш Д 51 мм /100 кума метр/;

от жандырғыш аппарат - 2 дана;

суландырғыш НП-1 немесе басқа маркалы бу шығарғыш - 500 кг;

к ү р е к - 5 0 дана ;

б а л т а - 5 дана ;

м о т ы г а - 5 дана ;

т ы р н а у ы ш - 5 дана ;

х л о п у ш к а л а р - 1 0 дана ;

б е н з и н д і а р а - 2 дана ;

РЛО орман өрт сөндіргіштері - 5 дана;

сыйымдылығы 10 литрлік ауыз суға арналған бидон мен канистр - 2 дана, су жібермейтін мұрындық - 10 дана, қорғаныш көзілдірік - 10 дана, қолқап - 20 дана

, а п т е ч к а - 2 дана .

Орман өрт пункті тас жолдың 100 километріне арнап ұйымдастырылады. Өрт қауіпі маусымына арналған пункт адамдар мен ауыспалы цистерналық су сорғыштарды орнату үшін бейімделген цистернаны тасымалдауға автомәशिінемен қамтамасыз етіледі.

6. Желілік объектілерді /мұнай-газ құбыры, электр қуатын жеткізетін желі, байланыс және т.б./ және басқа ұйымдарды /іздістіру партиялары, отрядтар, экспедициялар, шөп, дәрі-дәрмектік өсімдік, техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жеміс, жаңғақ, саңырауқұлақ, жидек және басқа ормандық тамақ өнімін дайындау, мал жаюмен, ара өсіру мен омартамен шұғылданатын бригадалар/ орман қоры желілерінде жұмыс істеуші орман өртін сөндіру құралдарымен қ а м т а м а с ы з е т у н о р м а с ы .

Өрт сөндіру құралдары

Жұмыс істеушілер санына қарай

| 5 дейін | 6 - 10 | 11 - 20 | 21 - 50

Күрек, дана	2	5	10	20
Балта, дана	2	2	2	2
Мотыга, дана	1	1	2	5
Тырнауыш, дана	-	2	5	10
Хлопушкалар, дана	2	4	10	20
Көлденең ара немесе бензинді ара, дана	1	1	2	5
РЛО орман өрт сөндіргіштері, дана	-	2	5	5
Су үшін сыйымдылығы		12	литрлік	
шелек немесе резина ыдыс, дана	2	5	10	20
Қолғап, пар	5	10	20	40
Бірінші кезекті көмек аптечка, дана	1	1	2	2

Аталған нормадағы өрт құрал-саймандары базалар және жекелеген жұмысшы топтары орналасқан жерлерде шоғырландырылады. Желілік айналма тұрғын пункттерде кестенің соңғы графасында көрсетілген құрамда және санда өрт құрал-саймандары шоғырландырылады.

7. Туристік топтардың орман қорында және туристік базалардағы шоғырлану пункттерінде болған кезінде оларды өрт сөндіру жабдықтары мен және құралдарымен қамтамасыз ету нормасы.

	Құралдардың саны			
Өрт сөндіру құралдары	Туристік топтарда санына Турбазаларда қарай /демалушылар. дың 100 6-10 11-30 30 адам. адамына адам адам нан астам есептегенде/			
Өнімділігі	минутына		600-800	
литрлік өрт мотопомпасы, дана	-	-	-	1
Күрек, дана	-	3	5	30
Балта, дана	1	2	3	10
Хлопушкалар, дана	4	8	10	20
Көлденең ара немесе бензинді				

ара, дана	-	1	1	10
РЛО орман өрт сөндіргіштері,				
дана	1	3	5	8
Су үшін сыйымдылығы		12	литрлік	
шелек немесе резина ыдыс, дана	1	3	5	30

Қазақстан Республикасының
ормандарында өрт қауіпсіздігі
Ережелеріне 2-қосымша

Орман өрттерін сөндіру жөнінде күштер мен құралдардың өзара әрекеті жоспары

1. Орман шаруашылығы кәсіпорындары жыл сайын 1 наурыздан кешіктірмей аудандық атқарушы өкімет органдарына орман өрттерін сөндіруге халықты, кәсіпорындарының, ұйымдардың және мекемелердің өрт техникасы мен көлік құралдарын қатыстыру жоспарын жасау үшін өздерінің ұсыныстарын беруге м і н д е т т і .

Ұ с ы н ы с т а р д а м ы н а л а р ғ а :

а/ орман өрттерін сөндіру жағдайына арнап орман учаскелерін елді мекендерге бекітіп беруге, әрбір мекен бойынша өрт сөндіруге тартылуы мүмкін жұмысшылардың саны, өрт сөндіруге тартылатындардан ұйымдастырылатын отрядтардың, командалар мен топтардың нақты басшылары, өрт құрал-саймандарының атаулары мен саны көрсетілуіне;

б/ орман учаскелеріне бекітіліп берілетін жергілікті кәсіпорындарының, ұйымдардың және мекемелердің өрт сөндіруге тартылуы мүмкін техникасы мен көлік құралдарының атаулары мен саны, сондай-ақ өрт сөндіруге кезекпен қатыстырылатын бекітілген техникалық және көлік құралдарын атап к ө р с е т і л у і н е ;

в/ өрт сөндіруде жүрген жұмысшыларды тамақ өнімімен жабдықтауды ұйымдастыруға, сондай-ақ дәрігерлік көмекті ұйымдастыруға, сол шараларды жүргізу үшін жауапты адамдарды атап көрсетуге;

г/ жекелеген өрттерді сөндірудің, орман шаруашылығы кәсіпорны мен және аудандық орман өрті комиссиясы басшылары мен арасындағы, сондай-ақ өрт сөндіруді басқарушылармен және өрт сөндіруге тартылған жекеленген отрядтардың, командалардың, топтардың және бригадалардың басшыларымен арасындағы байланысты үзіліссіз ұйымдастыруға;

д/ өрт сөндіруге тартылған күштер мен құралдардың жиналатын пунктін көрсетуге назар аударылуға тиіс.

Ұсыныстар алдын ала тиісінше жергілікті кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің басшыларымен келісіледі.

2. Аудандық атқарушы өкімет органдары бекіткен орман өрттерін сөндіру жөнінде күштер мен құралдардың өзара әрекеті жоспары орман өрттерін сөндіру үшін азаматтық күштерді, Азаматтық қорғаныс құрамаларын, әскери бөлімшелерді және басқа аудандар мен облыстың құрамаларын, оларға берілген өрт техникасы мен құралдарды орман өрттерін жою үшін қатыстыру жөнінде облыстық әкімнің шешімін дайындау үшін облыстың орман шаруашылығын басқару органына тапсырылады.